

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңестің
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

02.09.2024ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығы, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.
3. Перспективалық жоспарлар мен циклограммаларды қарастыру және бекіту.
4. Педагогтердің біліктілігін арттыру, ашық оқу қызметтері мен семинарлардың жоспарын бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық технологияларды қолдану, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары, семинарлар және әдістемелік көмек көрсету бағыттары қамтылғанын айтты.
2. Екінші мәселе бойынша әдіскер педагогтердің жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы баяндады. Барлық топтардың дамыту орталығы толықтырылып, оқу-әдістемелік құралдар жаңартылғанын, қауіпсіздік талаптарының сақталғанын хабарлады.
3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова барлық педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын қарап шыққанын, олардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленгенін айтты.
4. Төртінші мәселе бойынша Б.Джуматова педагогтердің кәсіби дамуына арналған әдістемелік жұмыстардың жылдық жоспарын таныстырды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, коучингтер, шеберлік сыныптары, семинар-практикумдар және жас мамандармен жұмыс жоспары ұсынылды.

Сөйледі:

Балабақша директоры М.Овезова жоспардың мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жасалғанын айтып, барлық педагогтердің жоспарлы жұмыстарға белсенді қатысуы қажеттігін атап өтті.

Педагогтер өз топтарының дайындығы туралы қысқаша ақпарат беріп, оқу жылында балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жаңа әдістерді қолданатындарын айтты.

Педагогтер жоспарлар бойынша пікір алмасып, бірізді жұмыс жүргізуге дайын екендіктерін білдірді.

Директор педагогтердің кәсіби дамуы білім беру сапасының негізгі көрсеткіші екенін айтып, барлық іс-шараларға белсенді қатысу қажеттігін атап өтті.

5. Әртүрлі мәселелер:

Жаңа оқу жылында құжаттарды уақытылы жүргізу, санитариялық талаптарды сақтау, ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту және педагогикалық әдепті сақтау мәселелері қаралды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспардың орындалуын әдіскер тұрақты бақылауда ұстасын.
2. Педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын. Топтардың дамыту орталықтарын оқу жылы бойы толықтырып отыру тапсырылсын.
3. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар бекітілсін. Жоспарлардың сапалы орындалуына педагогтер жауапты болып белгіленсін.
4. Педагогтердің кәсіби даму жоспары бекітілсін. Әдіскер жоспардың орындалуына мониторинг жүргізісін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

№2 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

25.12.2024ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне жүргізілген бақылау нәтижелері.
3. Педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі.
4. Жас педагогтерге көрсетілген әдістемелік көмек жұмыстарының қорытындысы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Балабақша әдіскері ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жүргізілген бақылау нәтижелерін таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің балалармен тиімді қарым-қатынас орнатуы, дамытушы ортаны дұрыс пайдалануы, заманауи педагогикалық әдістерді қолдануы байқалғанын айтты. Сонымен қатар сөйлеуді дамыту, зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру және ойын технологияларын қолдануды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.
3. Педагогтар өз тәжірибелерінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар туралы баяндама жасады. Атап айтқанда, ойын технологиясы, STEM элементтері, нейроойындар, денсаулық сақтау технологиялары және шығармашылық тапсырмаларды қолданудың тиімділігі көрсетілді.
4. Әдіскер жас педагогтермен жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді. Жыл басынан бері кеңестер, тәлімгерлік кездесулер, сабақтарға қатысу және жеке консультациялар өткізілгені айтылды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Бақылау нәтижелері педагогтердің назарына алынсын. Әдістемелік ұсыныстар іс-тәжірибеде қолданылсын. Кемшіліктерді жою бойынша жеке жұмыстар ұйымдастырылсын.
3. Инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі оң деп бағалансын. Озық педагогикалық тәжірибелер әдістемелік қорда жинақталсын. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы тәжірибе тарату жалғастырылсын.
4. Жас педагогтармен жұмыс жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Тәлімгерлік жұмыстары жүйелі түрде жалғассын. Әдіскер жас мамандардың кәсіби өсуіне тұрақты қолдау көрсетсін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

27.02.2025ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. №2 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының жүргізілуі мен аралық мониторинг қорытындысы.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарының нәтижесі.
4. Педагогтердің құжаттарының жүргізілу сапасы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.

2. Әдіскер Б.Джуматова тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының жүргізілу барысы туралы баяндады. Барлық педагогтердің жеке даму карталарын уақытылы толтырғаны, балалардың даму деңгейлері сараланып, түзету жұмыстары жоспарланғаны айтылды.

Педагогтар жеке даму карталарымен жұмыс барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

3. Әдіскер Б.Джуматова ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысын таныстырды. Педагогтердің сабақтарында ойын технологиялары, зерттеу, шығармашылық және денсаулық сақтау технологиялары тиімді қолданылғаны айтылды. Өзара сабаққа қатысу педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуына оң әсер еткені атап өтілді.

Педагогтар өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша пікірлерін білдіріп, тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтті.

4. Әдіскер педагогтердің оқу құжаттарының жүргізілуіне жүргізілген тексеру нәтижелерімен таныстырды. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар, мониторинг материалдары, жеке даму карталары және портфолиолардың талапқа сай жүргізіліп отырғанын айтты. Жекелеген педагогтерге құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №2 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жеке даму карталарының жүргізілуі қанағаттанарлық деп танылсын. Әр тәрбиеленушінің даму деңгейіне сәйкес жеке жұмыстар жалғастырылсын. Ата-аналарға балалардың даму нәтижелері туралы тұрақты ақпарат берілсін.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тәжірибесі әдістемелік қорда жинақталсын. Педагогтердің шығармашылық ізденістері қолдау тапсын. Өзара сабаққа қатысу жұмыстары жалғастырылсын.
4. Құжаттарды жүргізу жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Анықталған ескертулер белгіленген мерзімде түзетілсін. Әдіскер тарапынан тұрақты бақылау жүргізілсін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңестің
№4 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

29.05.2025ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. №3 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. 2024–2025 оқу жылы бойынша әдістемелік жұмыстың қорытындысы.
3. Тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижелері және жеке даму карталарының қорытындысы.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне әдістемелік дайындық.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.

2. Әдіскер Б.Джуматова 2024–2025 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың есебін таныстырды. Жылдық жоспар толық орындалғанын, педагогтерге жоспарлы түрде кеңестер, семинарлар, шеберлік сыныптары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылғанын айтты. Әдістемелік жұмыстар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға оң ықпал еткені атап өтілді.

3. Әдіскер тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижелеріне талдау жасады. Барлық білім беру салалары бойынша балалардың даму деңгейлерінде оң динамика байқалғаны, жеке даму карталары уақытылы толтырылып, қорытындыланғаны хабарланды.

Педагогтер оқу жылы барысында жүргізілген түзету жұмыстарының нәтижелері туралы пікір алмасты.

4. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары жасақталып, талқылап қаралды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы ойындар, спорттық іс-шаралар, шынықтыру жұмыстары, қауіпсіздік ережелерін сақтау және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу жоспарланғаны хабарланды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бағытындағы ұсыныстар келесі оқу жылының жоспарына енгізілсін.
3. Қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын. Жеке даму карталары белгіленген талаптарға
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін. Барлық педагогтер жазғы кезеңде қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова